

Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнының олардың сапасы мен санына сәйкестігіне тәуелсіз сараптама жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 шілде N 782. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.12.19. N 1274 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына және "Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнын тәуелсіз сараптауды жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 6 сәуірдегі N 453 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнының олардың сапасы мен санына сәйкестігіне тәуелсіз сараптама жүргізу ережесі бекітілсін.

2. Тәуелсіз сарапшы қызметіне ақы төлеу оның қызметінің нәтижесінде бюджетке қосымша түскен, құжаттаманың расталған кеден төлемдері мен салықтары негізге алына отырып, заңнамада белгіленген тәртіппен жүргізілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрі З.Х.Кәкімжановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2002 жылғы 16 шілдедегі

N 782 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнының олардың сапасы мен санына сәйкестігіне тәуелсіз сараптама жүргізу ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 20 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және

Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнының олардың сапасы мен санына сәйкестігіне тәуелсіз сараптама жүргізудің тәртібін анықтайды.

2. Еркін айналыс үшін тауарларды шығарудың кедендік режимінде декларацияланатын тауарды (бұдан әрі - импортталатын тауар) кедендік ресімдеуді жүргізетін кеден органы (бұдан әрі - кеден органы) декларацияланатын тауардың кедендік құнын анықтауды бақылауды жүзеге асыру кезінде осы Ережеде көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнының олардың сапасы мен санына сәйкестігіне тәуелсіз сараптаманың (бұдан әрі - тәуелсіз сараптама) нәтижелерін пайдаланады.

3. Тәуелсіз сараптаманы жүзеге асыратын тұлға (бұдан әрі - Тәуелсіз сарапшы) өзінің қызметін кеден ісі мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен (бұдан әрі - Уәкілетті орган) жасалған шарттың негізінде жүзеге асырады.

4. Тәуелсіз сараптаманы жүргізуге байланысты Тәуелсіз сарапшыға берілген ақпарат тек қана кедендік мақсатта пайдаланылуы мүмкін.

2. Тәуелсіз сараптама жүргізу тәртібі

5. Жүк кеден декларациясын (ЖКД) тіркегеннен және тіркеу нөмірін бергеннен кейін кеден органы Уәкілетті орган анықтайтын тәртіппен дереу Тәуелсіз сарапшыға ЖКД-ның көшірмесін және импортталатын тауарларға арналған шот-фактураларды (инвойс) береді және кеден заңнамасына сәйкес кедендік ресімдеудің рәсімін жүзеге асырады.

6. Импортталатын тауарларды кедендік ресімдеу рәсімін жүргізу кезеңінде Тәуелсіз сарапшы алынған құжаттардың негізінде тәуелсіз сараптамаға жататын тауарларды іріктеуді жүргізеді.

7. Тауарларды шығару туралы шешім қабылдағанға дейін құжаттық және іс жүзіндегі бақылаудың барлық кезеңі өткізілгеннен кейін тауарларды шығару туралы шешім қабылдауға жауапты кеден органының лауазымды тұлғасы шығаруға дайындалған құжаттардың пакетін Тәуелсіз сарапшыға береді. Құжаттарды беру Уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ілеспе хат негізінде арнаулы тіркеу журналына қол қойып жүзеге асырылады.

8. Тәуелсіз сараптама жүргізу үшін тауарлардың іріктелгенін Тәуелсіз сарапшы ЖКД-ның тысында Уәкілетті органмен келісілген арнайы мөртабандарды қоя отырып куәландырады. Тәуелсіз сараптама үшін іріктелмеген тауарлар бойынша Тәуелсіз сарапшы ЖКД-ның тысында "Сарапталмаған" мөртабанын қояды.

Тәуелсіз сарапшы сараптау қызметі үшін қажетті көлемде алынған құжаттардың көшірмелерін әзірлеуге құқылы.

9. Көрсетілген іс-қимылдар жүзеге асырылғаннан кейін Тәуелсіз сарапшы

алынған құжаттардың түпнұсқаларын тауарларды шығаруға жауапты кеден органының лауазымды тұлғасына қайтарады. Құжаттарды беру Уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ілеспе хат негізінде арнаулы тіркеу журналына қол қою арқылы жүзеге асырылады.

10. Тауарлардың мәлімделген кедендік құнының олардың сапасы мен санына сәйкестігін белгілеу мақсатында Тәуелсіз сарапшы іріктелген тауарлардың физикалық және бағалық сараптамасын жүзеге асырады.

11. Тәуелсіз сарапшы кедендік ресімдеу үшін кеден заңнамасында белгіленген мерзімдерде кеден органы лауазымды тұлғасының және декларанттың қатысуымен іріктелген тауарлар бойынша физикалық сараптама жүргізеді.

Қажет болған кезде кеден органы лауазымды тұлғасының рұқсатымен Тәуелсіз сарапшы одан әрі зерттеу үшін Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген тәртіппен тауарлардың сынамалары мен үлгілерін алуға құқылы.

12. Физикалық сараптаманың мақсаттары үшін қажетті тауармен жасалатын операциялар Тәуелсіз сарапшының талап етуі бойынша кеден органы үшін Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Физикалық сараптама кезінде Тәуелсіз сарапшының іс-қимылы тауардың иесіне құқықтан тыс залал келтірмеуі тиіс.

13. Тауарлардың физикалық сараптамасы аяқталғаннан кейін Тәуелсіз сарапшы 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша үш данада Физикалық сараптама актісін (бұдан әрі - Акт) жасайды. Актінің бірінші данасы кеден органына, екінші данасы декларантқа жіберіледі, үшінші данасы Тәуелсіз сарапшыда қалады.

Кеден органының лауазымды тұлғасы және (немесе) декларант Актіге қол коюдан бас тартқан жағдайда, көрсетілген тұлғалар өздерінің іс-қимылдарының уәждерін жазбаша нысанда баяндайды, оларды Тәуелсіз сарапшы Актімен қоса береді.

14. Тәуелсіз сараптама үшін іріктелген тауарлар бойынша Актіні алғаннан кейін кеден органы қолданылып жүрген кеден заңнамасына сәйкес тауарлардың шығарылуын жүзеге асырады.

15. Кедендік құнның бағалық сараптамасын Тәуелсіз сарапшы Тариф және сауда туралы бас келісімнің (ГАТТ) кедендік бағалауының жалпы қағидаттарына және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына негіздейді.

16. Тәуелсіз сарапшы тәуелсіз сараптама үшін импортталатын тауарды іріктеген сәттен бастап 30 күн мерзімде кеден органына тәуелсіз сараптаманың нәтижелері туралы белгіленген нысандағы (3 және 4-қосымшалар) қорытындыны

(бұдан әрі - Қорытынды) ұсынады.

17. Кеден органы тәуелсіз сараптаманың барлық Актілері мен Қорытындыларын қарауға қабылдайды, қажет болған жағдайларда Тәуелсіз сарапшының қатысуымен оларды қарайды және оны Уәкілетті орган белгілеген нысанда қараудың нәтижелері туралы хабардар етеді.

18. Кеден органы Тәуелсіз сарапшының Қорытындысын қабылдамаған жағдайда, кеден органы үш жұмыс күні ішінде уәжделген қарсылықты жасайды (2 данада). Қарсылықтың бір данасы Тәуелсіз сарапшыға жіберіледі, екіншісі тәуелсіз сараптаманың нәтижелері туралы қорытындымен бірге Уәкілетті органға жіберіледі.

19. Уәкілетті орган он бес күн ішінде қарсылықтың негізділігін тексереді, қажет болған кезде кеден органы мен Тәуелсіз сарапшыдан қосымша мәліметтер мен құжаттар талап етеді және түпкілікті шешім қабылдайды, оны жазбаша түрде кеден органы мен Тәуелсіз сарапшының назарына жеткізеді.

20. Актілер мен Қорытындылардың негізінде кедендік құнды түзету туралы шешім қабылданғаннан кейін кеден органы Тәуелсіз сарапшыға түзету жүргізілгенін растайтын құжаттарды береді.

Түзету жүргізілгенін растайтын құжаттарды беру Уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ілеспе хаттың негізінде арнайы тіркеу журналына қол қойылып жүзеге асырылады.

21. Кеден органы Уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тәуелсіз сараптаманың нәтижелері бойынша есептелген кедендік төлемдер мен салықтардың есебін жүргізеді.

22. Тәуелсіз сараптаманың нәтижелері негізінде қабылданған кеден органдарының шешімдеріне декларанттың шағымдануы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасына импортталатын тауарлардың кедендік құнының Олардың сапасы мен санына сәйкестігіне тәуелсіз сараптама жүргізу ережесіне 1-қосымша

№ _____ акт

Тауарларға физикалық сараптама жүргізу нәтижелері туралы

200_ жылғы "___" _____ Елді мекен _____

Жүргізілген жері _____

Сараптама ___ сағат ___ мин. ___ сағат ___ мин. дейін жүргізілді.

Осы Актіні "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және Қазақстан Республикасына

импортталатын тауарлардың кедендік құнының олардың сапасы мен санына сәйкестігіне тәуелсіз сараптама жүргізу ережесінің" негізінде декларанттың _____

(декларанттың атауы) және кеден _____ (кеден органының атауы) қатысуымен Тәуелсіз органы _____ өкілінің сарапшының өкілі _____ (тәуелсіз сарапшының атауы) жасады.

ЖКД N

Тауарды жөнелту елі
Декларант
Декларанттың тіркеу N
Контейнер N
Пломба N
Вагонның номері
Автомашинаның нөмірі мен маркасы
Кеменің атауы мен нөмірі

Түсініктеме:

Тәуелсіз сарапшының өкілі _____ Қолы _____
а т ы - ж ө н і М О
Кеден органының өкілі _____ Қолы _____
а т ы - ж ө н і М О
Декларант _____ Қолы _____
а т ы - ж ө н і М О

1-қосымшаға

Акт N _____ Бет N _____

P/c!Тауар сипаттамасы! Шыққан ! Бума !Өлшем ! Саны !Анықталған
N ! ! елі ! түрі ! бірл.!-----! сәйкессіз.
! ! ! !декла.!анық.!дік
! ! ! ! !рациял.!тал!
! ! ! ! !ғаны !ғаны!

Тәуелсіз сарапшының өкілі _____ Қолы _____
 М О
 Кеден органының өкілі _____ Қолы _____
 М О
 Декларант _____ Қолы _____

МО

Қазақстан Республикасына
 импортталатын тауарлардың
 кедендік құнының Олардың сапасы мен
 санына сәйкестігіне тәуелсіз
 сараптама жүргізу ережесіне

2-қосымша

ТӘУЕЛСІЗ САРАПТАМА НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ

Кедендік құнының зерттеу	!	Алушы/Сатып алушы	!
ЖКД N	!	Декларант/Өкіл	!

N	!	Тауардың атауы	!
	!	СЭҚ ТН!Саны	!
	!	Өлш. бірл.	!
	!	EXW бірл.	!
	!	Жиыны	!
	!	Көліктік	!
	!	Сақтандыру	!
	!	шығыст.	!
	!	үшін(USD)	!
	!	(USD)	!
	!	(фрахт)	!
	!	бағасы	!
			1
	2		1
			2
			1
			2
			1
			2

		Ж и ы н ы	1
			2

		та б л и ц а н ы ң	
		ж а л ғ а с ы	

Кім толтырды ! Тәуелсіз күні !
 -----!
 Толтыру күні ! !
 -----!
 Басқа да!Кедендік !Баждар мен!Алшақтық !
 шығыстар! құны !салықтар !(теңге) !
 ! (теңге) ! !
 -----!

1
2
1
2
1
2
1
2

1
2

 1-Кеден құжаттамасы негізінде анықталғаны
 2-Тәуелсіз сараптамада анықталғаны

___ Инвойста сарапшы көрсеткен түпкі бағалар күмән келтірмейді
 ___ Инвойста сарапшы көрсеткен түпкі бағалар күмән келтіреді: инвойстық
 құнының төмендеуі.
 ___ Инвойста сарапшы көрсеткен түпкі бағалар күмән келтіреді: инвойстық
 құнының артуы.
 ___ Корпоративішілік транзакция, баға аудиті мүмкін емес.
 ___ Экспорттаушының түпкі инвойсында жеткізіліксіз/толық емес ақпарат.
 Баға аудиті мүмкін емес.
 ___ Ұқсас тауарларға арналған баға туралы ақпарат жоқ. Баға аудиті мүмкін
 емес.

 Тәуелсіз сарапшының өкілі Күні: _____
 Лауазымы _____ Офисі _____
 Аты-жөні _____ Қолы _____

Кеден органының өкілі
Лауазымы _____
Аты-жөні: _____

Күні: _____
Кеден органы _____

Қолы _____

Мөр орны

Қазақстан Республикасына
импортталатын тауарлардың
кедендік құнының Олардың сапасы мен
санына сәйкестігіне тәуелсіз
сараптама жүргізу ережесіне
3-қосымша

КЕДЕНДІК ҚҰНЫН ТҮЗЕТУ ТУРАЛЫ ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындының нөмірі: _____

Күні: 200__ жылғы " __ " _____

Алушы: _____

СТН: _____

Декларант: _____

СТН: _____

ЖКД номері: _____

Валюта бағамы _____

! Сараптамаға ! Сараптамада ! Анықталған
! дейін кеден ! анықталған ! алшақтық
! органы ! құны !
! анықтаған !
! құны !

Мәміле бағасы (сатып алушы іс
жүзінде төлеген)

Басқа шығыстарды, фрахт пен
сақтандыруды есептегенде,

мәміле бағасы

Ф р а х т

С а қ т а н д ы р у

Қ о с ы м ш а ш ы ғ ы с т а р

К е д е н д і к қ ұ н ы

Түзету түрі: _____ арттыру _____ азайту
Тәуелсіз сарапшы _____ тауардың атаулары бойынша сәйкессіздікті
анықтады.

Түзету сомасы жазумен _____
Тәуелсіз сарапшының өкілі _____

М . О .

Кеден органының өкілі толтырады

ЖКД бойынша кедендік құнын түзету N _____
тауардың _____ (саны) атаулары бойынша жүргізілді

Кедендік құны _____
Кедендік құны жазумен _____

Кеден органының өкілі (аты-жөні): _____

Кеден органының атауы және коды _____

Қолы _____ М.О.